ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№98
(2479)
Сенбі
21 қараша
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІ БАСТАЛДЫ

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың елді мекендерді аралап, халықпен кездесулері басталды.

Аудан әкімі бірқатар сала басшыларымен бірге Басықара, «Құмжиек», Жалаңтөс батыр ауылдарына барып, тұрғындармен кездесіп, халықтың ұсыныс пікірлеріне құлақ түрді.

Үш ауылда өткен кездесулерде аудан басшысы алдымен елімізде Президентіміздің бастамасымен жүзеге асып жатқан реформалар, өңірде атқарылып жатқан игі жұмыстар мен алдағы міндеттер жайына тоқталып өтті.



-Биыл Президентіміз айтқандай еліміз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашты. Мемлекет басшысының қатысуымен Қызылорда қаласында Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы өтті. Құрылтайда еліміздің саяси жүйесін жаңғыртуға бағытталған бірқатар маңызды реформалар жарияланды. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум арқылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданып, 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес, еліміздің бір палаталы жоғары заң шығарушы органы – Құрылтай құрылды. Мемлекет басшысының Жарлығымен жоғары консультативтік орган – Қазақстанның Халық Кеңесі құрылып, өз жұмысын бастады.

Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлыққа қол қойып, Орталық сайлау комиссиясы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауын 29 қарашаға белгіледі. Бұл жүргізіліп жатқан реформалардың барлығы саяси жаңғыру үдерісін жеделдетуге, сондай-ақ, «Әділетті Қазақстан», «Қуатты Қазақстан» және «Таза Қазақстанды» құруға бағытталған реформалардың жаңа кезеңіне жол ашты.

Президентіміздің, Үкіметтің және аймақ басшысының қолдауымен ауданымызда елдің игілігіне бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты



Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің құрылыс саласындағы әлеуетін арттырып, Қазақстанды ауқымды құрылыс алаңына айналдыру қажеттігін атап өтті. Осы мақсатта келесі жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялауды ұсынды. Президентіміздің реформалары мен Жолдаудан туындаған міндеттер аясында алдағы уақытта да аудан орталығы мен елді мекендерде әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылым нысандарының құрылысы мен жаңғырту жұмыстары кеңінен жүргізілетін болады. Бастысы елдің бірлігі мен ауызбіршілігі. Сондықтан баршаңызды елдік істерге бірлесе атсалысуға шақырамын, - деді аудан басшысы.

Халықпен өткен кездесулерде аудан әкімі жыл басынан бері ауданда әрбір салада атқарылған игі жұмыстарға кеңінен тоқталып, халыққа алдағы жүзеге асырылатын жоспарлардың жайын жеткізді.

Үш ауылда өткен кездесулерде тұрғындар ауылішілік жолдарды жөндеу, электр желілерін жаңғырту, балабақша салу, сондай-ақ, жайылымдық жерлердегі бұлақ көздерін ашу мәселелерін көтерді.

Аудан басшысы тұрғындардың әрбір ұсынысы мен өтінішін мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға нақты жауап берді. Электр желілерін жаңғырту және жол жөндеу жұмыстары қаржылық мүмкіндіктерге қарай кезең-кезеңімен жүзеге асырылатынын атап өтті. Ал, балабақша салуға ниетті жергілікті кәсіпкерлерге заң аясында жер бөлу және мемлекеттік қолдау көрсету мәселелері қарастырылатынын жеткізді. Сонымен қатар, ауылдық округ әкімдеріне мал суару үшін жайылымдық жерлердегі бұлақ көздерін ашу жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеп, тиісті жұмыстарды ұйымдастыруды тапсырды.

Кездесу қортындысында аудан әкімі тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің назардан тыс қалмайтынын айтып, олардың шешілуі бойынша тиісті жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

Өз кезегінде ауыл тұрғындары елді мекендердің дамуына бағытталған жұмыстарға қолдау білдіріп, алдағы жоспарлардың жүзеге асуына сәттілік тіледі.

Аудан әкімінің халықпен кездесулері алдағы уақытта өзге де елді мекендерде жалғасады.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

АУДАН ӘКІМІНІҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІ ДАРИЯНЫҢ АРҒЫ БЕТІНДЕГІ АУЫЛДАРДА ЖАЛҒАСТЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың елді мекен тұрғындарымен кездесулері дарияның арғы бетіндегі «Өркендеу, «Бірлік», Қожабақы ауылдарында жалғасты.

Ауылдық клубтарда өткен кездесулерде аудан басшысы алдымен аудан көлемінде жыл басынан бері атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы кезеңге жоспарланған жобалар мен міндеттерді баяндады.

-Өздеріңіз білесіздер, өткен жылы аудан орталығынан шалғай орналасқан «Шәкен», «Сарыбұлақ» ауылдарына орталықтандырылған ауызсу жеткізіліп, аудан халқын таза ауызсумен қамту көрсеткіші 100 пайызға жетті. Сонымен қатар, Қожабақы, Ү.Түктібаев ауылдары мен Қазалы қаласының электр желілері қайта жаңғыртылды. Алдағы жылы өзге де елді мекендердің электр желілерін кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары жоспарға сәйкес жалғасады.

Өткен аптада облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының қатысуымен Жанқожа батыр, Үрмәш Түктібаев ауылдарына табиғи газ берілді. Жыл соңына дейін Бекарыстан би, «Майдакөл» ауылдарын да көгілдір отынға қосу жоспарланған. Бұдан бөлек, «Өркендеу», «Бірлік», Қожабақы, «Аранды», «Ақсуат», «Байқожа» ауылдарын газдандыруға жалпы құны 7,2 млрд. теңгені құрайтын жобалық-сметалық құжаттар әзірленді. Келер жылы ең алдымен «Өркендеу» ауылынан бастап, дарияның арғы бетіндегі аталған елді мекендерге магистралды газ құбырын жеткізу жұмыстарын қолға алу көзделіп отыр. Дарияның арғы бетіндегі ауылдар үшін стратегиялық маңызға ие нысандардың бірі «Қарлаң» көпірінің құрылысы екені белгілі. Өткен жылы аймақты төрт жылдан астам уақыт басқарған Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен көпір құрылысына қажетті қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Көпірдің кіреберіс жолдарының бір бөлігін асфальттау толық аяқталып, екінші бөлігінде тиісті жұмыстар басталды. Сондай-ақ, негізгі су өтетін арнадағы аралық құрылымдарды орнату жұмыстары жүргізілуде. Аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлы ауданға жұмыс сапары кезінде нысан құрылысы тікелей бақылауында екенін жеткізген болатын. Ауыл шаруашылығы саласында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Биыл каналдар мен қашыртқыларды механикалық тазалау, су арналарының өткізу қабілетін жақсарту және каналдарды бетондау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, егін шаруашылығын әртараптандыру, жүгері дақылын өсіру бағытында арнайы инвесторлар тартылып, нақты жұмыстар қолға алынуда, - деді аудан басшысы.

Кездесулерде тұрғындар өздерін толғандырған мәселелер мен ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

«Өркендеу» аулының тұрғындары ауыл ішіндегі шағын көшелердің біріне түнгі жарық орнату мен жаяу жүргіншілерге жол салу мәселесін көтерді.

Аудан әкімі ауылдық округ әкіміне аталған көшені жарықтандыру жұмыстары мен жаяу жүргіншілерге арнап қиыршық тас төсеу жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырды.

«Бірлік» аулының тұрғындары ауылдық клуб салу, ал қожабақылықтар балабақша салу жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Аудан басшысы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы келер жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау жөніндегі бастамасына тоқталып, осы мүмкіндікті пайдалана отырып, елді мекендердегі әлеуметтік нысандардың құрылысын жандандыру жұмыстары қолға алынатындығын айтты. Осы ретте «Бірлік» ауылына клуб пен Қожабақы ауылына балабақша салу мәселелері бірінші кезекте қарастырылатынын жеткізді. Сондай-ақ, «Қарлаң» көпірінің құрылысы толық аяқталғаннан кейін көпірден «Бірлік» ауылына дейінгі жол аралығын асфальттау жоспарланып отырғанын атап өтті.

Кездесу қортындысында аудан әкімі тұрғындардың ұсыныс-пікірлері мен көтерген мәселелері назардан тыс қалмайтынын айтып, халықтың әл-ауқатын арттыру, елді мекендердің инженерлік-инфрақұрылымын дамыту және әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасатынын жеткізді.

Бұдан бөлек, аудан әкімі жеке мәселелері бойынша қабылдауға келген тұрғындарды тыңдап, көтерілген мәселелердің заңдылығы мен шешу жолдарын зерделеу жөнінде тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

АУДАН ӘКІМІ ҒАНИ МҰРАТБАЕВ, АБАЙ АУЫЛДАРЫ МЕН ҚАЗАЛЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың тұрғындармен кездесулері Ғани Мұратбаев, Абай ауылдары және Қазалы қаласында жалғасты.

Тұрғындармен өткен кездесулерде аудан басшысы елімізде Президентіміздің бастамасымен жүзеге асып жатқан реформалар, «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан», «Заң мен тәртіп» тұжырымдамалары, Президентіміздің 28 қазан күні Қазақстан халқына жасаған «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауынан туындайтын міндеттер, алдағы жоспарлар жайында баяндады.

-Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Сыр өңіріне деген айрықша қолдауы, аймағымызды төрт жылдан астам уақыт басқарған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының қолдауы және облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының басшылығымен ауданымызда ауқымды жобалар жүзеге асырылып, маңызды бастамалар қолға алынуда. Өткен аптада облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының қатысуымен Жанқожа батыр, Үрмәш Түктібаев ауылдарына табиғи газ берілді. Жыл соңына дейін Бекарыстан би, «Майдакөл» ауылдары да көгілдір отынға қосылатын болады.

Бұдан бөлек, «Ақсуат», «Байқожа», «Өркендеу», «Бірлік», Қожабақы, «Аранды» ауылдарын газдандыруға жалпы құны 7,2 млрд. теңгені құрайтын жобалық-сметалық құжаттар әзірленді. Алдағы уақытта да халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында ауданымызда жүйелі жұмыстар жалғаса беретін болады, - деді аудан әкімі.

Кезек ұсыныс-пікірлерге келгенде Ғани Мұратбаев ауылының тұрғындары елді мекендегі Жамбыл Жабаев көшесін асфальттау, абайлықтар ауылдың мал жайылымдық жерлерін суландыру, қоғамдық көлік, Қазалы қаласының тұрғындары қаңғыбас иттер, спорт кешенін салу сынды мәселелерді көтерді.

Аудан басшысы Ғани Мұратбаев ауылындағы Жамбыл Жабаев пен Ақтан батыр көшелерін жөндеуге жоба сметалық құжаттары әзірленіп, келер жылға тиісті қаржы бөлінген жағдайда жөндеу жұмыстары басталатындығын жеткізді. Ал, Абай ауылында көтерілген мал жайылымдық, шабындық жерлерін суландыру бойынша жауапты сала басшысына ауылдық округ әкімімен бірлесіп, тиісті жұмыстарды жүргізуге тапсырма берді. Сондай-ақ, иесіз қаңғыбас иттер жөнінде аудандық ветеринариялық станциясының директорына тапсырма берді.

Аудан әкімі Қазалы қаласында өткен кездесуде биыл жыл басынан бері ауданда 3 елді мекенде жаңа спорт кешендері ашылғанын айтып, алдағы уақытта бірінші кезекте Қазалы қаласынан жаңа спорт кешенінің құрылысын бастауды жоспарлап отырғанын жеткізді.

Кездесулерде тұрғындар тарапынан көтерілген басқа да мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына заңдылыққа сәйкес жұмыс істеу жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Тұрғындармен өткен кездесулерден кейін аудан басшысы жеке мәселелері бойынша жүгінген азаматтарды қабылдап, ұсыныс-пікірлеріне құлақ түрді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА «АЛТЫН АЛҚА», «КҮМІС АЛҚА» МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫ ТАБЫСТАЛДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов көпбалалы аналармен кездесіп, бірқатар аналарға Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен берілген «Алтын алқа», «Күміс алқа» мемлекеттік наградаларын салтанатты түрде табыстады.

Кездесуде аудан басшысы анаға құрмет көрсету – халқымыздың қанына сіңген ізгі дәстүр, ал бала тәрбиесі мен отбасы құндылықтарын сақтау – қоғам алдындағы ең маңызды міндеттердің бірі екенін атап өтті. Көпбалалы аналардың қоғамдағы орнына ерекше тоқталып, олардың отбасы анаға берекесін сақтап, ұрпақ тәрбиелеудегі еңбегі қашанда құрметке лайық екенін жеткізді.

– Ана – ұлттың ұйытқысы, отбасының алтын діңгегі. Сіздер өмірге ұрпақ әкеліп қана қоймай, оларды елін сүйетін, халқына қызмет ететін азамат етіп тәрбиелеу арқылы мемлекетіміздің болашағына өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Бұл – үлкен жауапкершілік пен қажырлы еңбекті талап ететін мәртебелі міндет. Сондықтан ана еңбегін бағалау, оларға құрмет көрсету – баршамыздың ортақ парызымыз, – деді аудан әкімі.

Бүгінде Қазалы ауданында 1907 ана мемлекеттік наградаларға ие болған. 660 ана – «Алтын алқа», 1185 ана – «Күміс алқа», 22 ана – «Батыр ана», 40 ана – «Ана даңқы» төсбелгісінің иегері.

Сонымен қатар, аудан бойынша 3485 көпбалалы отбасы мемлекеттік жәрдемақымен қамтылған. Ана мен баланы әлеуметтік қолдау, көпбалалы отбасылардың әл-ауқатын арттыру бағытында тиісті жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

Салтанатты рәсімде аналарға мемлекеттік наградалармен қатар арнайы сыйлықтар табысталды.

Кездесуде ақ жаулықты аналар өздерінің ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, ізгі тілектерін жеткізді.

Кездесу соңында мәдениет саласының өнерпаздары әннен шашу шашып, мерекелік жүздесудің ажарын аша түсті.

Аудан әкімі марапат иелерін шын жүректен құттықтап, әр шаңырақта амандық, отбасыларына бақ-береке, аналарға зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр тіледі. Сондай-ақ, ұрпақтарының қызығын көріп, елдің құрметіне бөленіп жүре берулеріне тілектестігін білдірді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ МЕН МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ

Облыс әкімі Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлының төрағалығымен өткен мәжілісте отандық өндірісті дамыту мен қолдау шаралары мәселелері қаралды. Жиынға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Мәжілістен кейін аудан әкімі аппарат мәжілісін өткізіп, күн тәртібіндегі және басқа да бірқатар өзекті мәселелер бойынша аймақ басшысының тапсырмаларына сәйкес жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.



Алдымен аудандағы өңдеу өнеркәсібінің даму көрсеткіштері сараланды. Ағымдағы жылдың 10 айының қортындысымен өңдеу өнеркәсібінде 22,5 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өндіріс көлемінің индексі 125,5 пайызды құраған. Бұл ретте аудан әкімі кәсіпорындардың өндірістік қуаттылығын толық пайдалану, өнім көлемін ұлғайту, өткізу нарығын кеңейту және жаңа өндіріс орындарын ашу бағытындағы жұмыстарды жандандыруды тапсырды.

2026 жылдың 10 айында 3,3 млрд. теңгенің 160 кәсіпкерлік жобасы қаржыландырылған. Тиісті сала басшылары мен қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне қаржылай қолдау алған кәсіпкерлердің жобаларын тұрақты сүйемелдеп, олардың толық іске қосылуын, жаңа жұмыс орындарының ашылуын және өндірістік бағыттағы кәсіпкерліктің дамуын қамтамасыз ету жөнінде тапсырмалар міндеттелді.

Мәжілістің күн тәртібінде ауданның мәдениет және тілдерді дамыту саласында 10 айда атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер сараланды. Мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, ұлттық өнер мен мәдени мұраны насихаттау, кітапхана қорын жаңарту және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мәселелері кеңінен талқыланып, тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Жиында аудан бюджетінің кірістер жоспарының орындалу барысы талқыланды. 2026 жылға бекітілген 4 млрд. 269,4 млн. теңге кірістер жоспарын жыл соңына дейін толық орындап қосымша түсімдерді қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.

Аудан әкімі Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы, ауылдық округ әкімдеріне аудандық мемлекеттік кірістер басқармасымен бірлесіп, өздеріне бекітілген кірістер жоспарының орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Мәжіліс соңында Әйтеке би кентіндегі санитарлық тазалық және абаттандыру жұмыстарының жай-күйі сынға алынып, анықталған кемшіліктерді бір апта мерзімде қалпына келтіру тапсырылды.

Сондай-ақ, 21 қараша күні Қызылорда қаласында өтетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесіне дайындық мәселесі пысықталып, қала, кент, ауылдық округ әкімдері мен жауапты сала басшыларына белгіленген жұмыстарды жоғары деңгейде ұйымдастыру жөнінде тапсырмалар берілді.

Аудан әкімі жауапты сала басшыларына жүктелген міндеттердің уақытылы әрі сапалы орындалуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

Еске алу

ҚИМАС ЖАН, АЯУЛЫ ДОС – БАҚЫТКҮЛ!



Адам өмірінің мәңгілік емес екені баршамызға аян. Әйтседе аяулы асыл жандардың өмірден озсада артында қалған жақсы аты, жарқын бейнесі, адам жүрегінде қалдырған іздері ешқашан өшпейді. Олар өмірден өткенімен, есімдері жүрегімізде мәңгі сақталады. Сондай аяулы жандардың бірі -Арал ауданы, «Қаратерең» елді мекенінде дүниеге келген Илиясова Бақытқүл Амангелді қызының осы жылы 48 жасында мезгілсіз дүниеден өтуі біз үшін орны толмас қайғы болды.

Бақытқүл біздің ортамызда жүргенде ақжарқын мінезімен, шынайы көңілімен, достыққа адалдығымен ерекшеленетін жан еді. Бірге өткізген күндеріміз, қуанышты сәттеріміз, сырласып, әзілдескен кездеріміз енді тек сағынышты естелік болып қалды.

Өмірдің талай белестерін бірге өткеріп, қуанышта да, қиындықта да бір-бірімізге тілекші болған достың орны әрдайым бөлек екен. Бүгінде сол аяулы жанның ортамызда жоқтығы жүрегімізге ауыр салмақ салады. Сенің жарқын жүзіңді, жылы сөзіңді, ақ көңіліңді сағына еске аламыз.

Бақытқүлдың артында ботадай боздап шырылдап, қайғыдан қан жұтып қамығып, екі қызы мен үш ұлы, келіні мен немересі қалды. Шүкіршілігі, ана жүрегі мейірімін төккен ұрпағы бар. Балаларына берген тәрбиесі, қалдырған өнегесі мен аналық махаббаты олардың жүрегінде мәңгі сақталары сөзсіз.

Қымбатты досымыз! Өмірден ерте озсаң да, біздің жүрегімізден ешқашан өшпейсің. Сен туралы естеліктеріміз, бірге өткізген шуақты күндеріміз мәңгі жадымызда сақталады.

Артыңда қалған балаларыңа, келініңе, немереңе Алла ұзақ ғұмыр, күш-қуат пен сабыр берсін. Анасының жарқын бейнесін жүректерінде сақтап, жақсы күндерге жете берсін.

Аяулы Бақытқүл жаның жәннатта, топырағың торқа болсын! Алла алдыңнан жарылқап, иманыңды жолдас етсін!

Еске алушылар:
Достары

МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі – МӘС) жүргізугемедициналықұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының (бұдан әрі – ДКК) мынадай мақсаттарда берген жолдамасы негіз болып табылады:

1.Организм функцияларының тұрақты бұзылулары кезінде алғашқы куәландыру;

2. Қайта куәландыру.

Медициналық ұйымдар аурулардан, жарақаттардың салдарынан және кемістіктерден туындаған, тыныс-тіршіліктің шектелуіне әкелетін организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шаралары кешенін жүргізгеннен кейін адамдарды еңбекке уақытша жарамсыздық басталған немесе балалар мен жұмыс істемейтін адамдарға диагноз қойылған кезден бастап төрт айдан ерте емес мерзімде МӘС-ке жібереді.

Бұл ретте анатомиялық кемістіктері бар адамдар, 21-хромосома бойынша трисомиясы (Даун синдромы) бар адамдар, сондай-ақ, организм функцияларының елеулі немесе айқын білінетін бұзылулары және оңалту әлеуеті жоқ, паллиативтік көмек алатын жазылмайтын науқастар аталған мерзімге қатысты ерекшеліктер болып табылады.

Медициналық тексерудің толықтығын, көлемін және адамдарды МӘС-ке жіберудің негізділігін жолдама берген медициналық ұйымның ДКК төрағасы қамтамасыз етеді.

МӘС ұсынылған құжаттарды қарау, көзбе-көз куәландыру кезінде куәландырылатын адамды тексеру, организм функцияларының бұзылу дәрежесін және тыныс-тіршілігінің, оның ішінде еңбекке қабілеттілігінің шектелу дәрежесін бағалау арқылы алқалы түрде жүргізіледі.

МӘС жүргізуге МӘС бөлімінің басшысы немесе МӘС әдіснамасы және бақылау бөлімінің басшысы, сондай-ақ кемінде екі бас маман қатысады.

№ 031/е нысаны негізсіз ресімделген жағдайда (организмнің жай-күйін және тыныс-тіршіліктің шектелу дәрежесін кешенді бағалау үшін қажетті мәліметтер болмаған кезде) МӘС бөлімі көзбе-көз куәландыру барысында адамды тексеру нәтижелері мен ұсынылған медициналық құжаттарды талдау негізінде сараптамалық қортынды шығарады.

МӘС бөлімі сараптамалық қортынды шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде медициналық бақылау саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне және пациентті МӘС-ке жіберген медициналық ұйымға №031/е нысанының көшірмесін қоса бере отырып, бұл туралы жазбаша түрде хабарлайды.

Бұл ретте тиісті жазба МӘС актісіне және №031/е нысанындағы МӘС сараптамалық қорытындысы туралы хабарламаға енгізіледі.

Г.МЫРЗАХАНОВА,
№2 медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінің бас маманы

«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мекен-жайы	Байланыс телефоны
Бабанаев Совет Кеңесұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-ден13.00-ге дейін Түскі үзіліс уақыты сағат13.00-ден 15.00-ге дейін Демалыс күндері; сенбі, жексенбі	Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №7, 2 қабат, №1 бөлме	8 (72438) 26-0-19
Зинадинов Ғалымжан Зинадинұлы	Бөлім басшысының орынбасары	Күнделікті жергілікті уақыт бойынша сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін Түскі үзіліс уақыты сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін Демалыс күндері; сенбі, жексенбі	Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №7, 2 қабат, №2 бөлме	8 (72438) 26-0-14

(Газетіміздің келесі саны 28 қараша, сенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru **Таралымы 11707 дана.**